



010000, Астана қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11, факс: 8(7172) 98 34 82, 98 31 11
e-mail: mid@mid.gov.kz
mid@mid.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Кabanбай Батыра
тел.: 8(7172) 98 33 11, факс: 8(7172) 98 34 82, 98 31
e-mail:

№ исх: 01-28/Д-166-И от: 06.02.2018

№

*2018 жылғы 18 қаңтардағы
№ ДЗ-8 депутаттық сауалға*

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
А.Т. Қожахметовке
Н.М. Әбдіровке
Қ.С. Мусинға
М.А. Айсинаға
Ф.Ә. Қаратаевқа**

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Жезқазған қаласы тұрғындарын теміржол жолаушылар көлігімен қамтамасыз етуге қатысты жоғарыда көрсетілген депутаттық сауалды қарастырып, келесіні хабарлайды.

Астана-Жезқазған бағыттары бойынша тасымалдауды қамтамасыз етуге қатысты

2017 жылдың қорытындысы бойынша Астана-Жезқазған қатынасындағы №307/308 жолаушы поезының орташа елдің жиілігі (топтасу) 76,2 % құрады және 2017 жылы шамамен 470 мың жолаушы тасымалданды.

Сонымен қатар, демалыс және мейрам күндері жолаушыларды барынша тасуды қамтамасыз ету мақсатында тасымалдаушымен қосымша 2 вагонды тіркеу жүзеге асырылады. Атап айтқанда, вагондардың ұқсас саны 2017 жылғы 1 қараша - 31 желтоқсан аралығында күн сайын тіркелген болатын.

Бұдан басқа, негізгі жолаушылар ағыны (*шамамен 80%*) Астана – Жезқазған учаскесіне тиесілі (*Астана қаласынан 94 мың жолаушыға жуық және Қарағанды қаласынан 375,2 мың жолаушы*).

Осыған байланысты, 2018 жылдың I тоқсанына дейін Қарағанды облысының әкімдігімен әлеуметтік маңызы бар облысшілік Қарағанды-Жезқазған қатынасындағы поезд күн сайын бағыттау мерзімділігімен және шығыстары жергілікті бюджет есебінен субсидияланатын 6 вагон құрамымен ұйымдастырылатын болады

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 545 бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігімен жолаушыларды, багажды және жүк багажды тасымалдау қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 7-тармағына сәйкес билет кассалары жоқ станцияларда жол жүру құжатын (билетті) қала маңы поездарында, сондай-ақ жолаушылар поездарының жалпы вагондардағы жолсеріктерге сатуға жол беріледі.

Осыған байланысты, аталған поездың жалпы вагондарының жолсеріктері аралық станцияларда бақылау чегін қоса бере отырып билеттендіруді жүзеге асырады.

Жолаушылар вагондарының Астана-Жезқазған қатынасында жүретін № 307/308 поезд құрамының техникалық жағдайы және вагондар паркін жаңарту бойынша қабылданатын шаралар туралы

Қазіргі уақытта, Астана – Жезқазған қатынасындағы № 307/308 поездың құрамы 1990 жылдары құрастырылған 14 жолаушылар вагонынан, оның ішінде 6 купеден, 4 плацкарттан, 2 жалпы вагондардан, сондай-ақ Қарағанды – Қаражал бағытындағы 2 тіркемелі вагондардан тұрады.

Атап атықанда, осы поездың барлық вагондары техникалық қызмет көрсетудің және жөндеудің жоспарлы түрлерінен өтті.

Сондай-ақ, 2017 жылғы мамырда Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған шартқа (бұдан әрі – Шарт) сәйкес Министрлік қызметкерлерімен Астана – Жезқазған қатынасындағы № 307/308 жолаушылар поезын Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларын және Жолаушылар поездарында жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі ұлттық стандартты сақтау мәніне тексеріс жүргізілді, оның қорытындысы бойынша елеулі бұзушылықтар анықталмады.

Сонымен қатар Министрлік ай сайын ұсынылатын есептер негізінде тасымалдаушылардың шарттық міндеттерін орындау бойынша мониторингілеу жүргізуде, оның барысында да айтарлықтай бұзушылықтар анықталмаған.

Бұл ретте, Сіздердің сауалдарыңызды ескере отырып, 2018 жылдың ақпанында Министрліктің Көлік комитетінің қызметкерлерімен жолаушылар поездарын, оның ішінде Астана – Жезқазған бағытындағы № 307/308 жолаушылар поезын зерттеп қарау жүргізілетін болады, оның қорытындысы бойынша тасымалдаушыларға қатысты Шарт шеңберінде тиісті шаралар қолданылатын болады.

Бұдан басқа, Шарттар шеңберінде әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша облысаралық қатынастарда теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларға жолаушылар вагондар паркін жаңарту бойынша міндеттемелер көзделген.

Мәселен, осы іс-шаралардың капиталды қажетсінуін (*бір жолаушылар вагонының құны шамамен 350 млн. теңгеге жетеді*), сондай-ақ шектелген мемлекеттік бюджет қаражатын ескере отырып, жаңарту барлық бағыттарды бірдей қамтуды есепке ала отырып, кезең-кезеңмен жүргізіледі.

Атап айтқанда, 2017 жылы «Марал Нұр» ЖШС жоғарыда көрсетілген поезд құрамында бағыттайтын 3 купе вагонын жаңартты, сондай-ақ 2018 жылдың соңына дейін қосымша 3 плацкарт вагонды жаңарту жоспарланады.

Жоғарыда жазылғанды ескере отырып, Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп Астана – Жезқазған – Астана бағыты бойынша жолаушыларды тасымалдауды қамтамасыз ету және жайлы жағдайларды жасау бойынша барлық қажетті шараларды қабылдап жатқандығын хабарлайды.

**Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі**

Ж. Қасымбек

Е. Нестай, 983579

эл. мекенж.: y.nestay@mid.gov.kz

*На депутатский запрос
от 18 января 2018 года № ДЗ-8*

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Кожаметову А.Т.
Абдирову Н.М.
Мусину К.С.
Айсиной М.А.
Каратеву Ф.А.**

Уважаемые депутаты!

Министерство по инвестициям и развитию Республики Казахстан (далее – Министерство), рассмотрев вышеуказанный депутатский запрос касательно обеспечения жителей г.Жезказган пассажирским железнодорожным транспортом, сообщает следующее.

Касательно обеспечения перевозок в направлении Астана – Жезказган.

По итогам 2017 года средняя населенность (*наполняемость*) пассажирского поезда №307/308 сообщением Астана – Жезказган составила 76,2 % и за 2017 год перевезено порядка 470 тыс. пассажиров.

Наряду с этим, перевозчиком в выходные и праздничные дни в целях обеспечения максимального вывоза пассажиров осуществляется прицепка 2-х дополнительных вагонов. В частности, следует отметить, что аналогичное количество вагонов были ежедневно прицеплены в период с 1 ноября по 31 декабря 2017 года.

Кроме того, основной поток пассажиров (*порядка 80%*) приходится на участок Караганды – Жезказган (*порядка 94 тыс.пассажиров с г.Астана и 375,2 тыс. пассажиров с г.Караганды*).

В связи с этим, до конца I квартала 2018 года акиматом Карагандинской области будет организован социально значимый внутриобластной поезд сообщением Караганды – Жезказган с периодичностью курсирования через день и с составностью 6 вагонов, расходы которого будут субсидироваться за счет средств местного бюджета.

Также, в соответствии с пунктом 7 Правил перевозок пассажиров, багажа и грузобагажа железнодорожным транспортом, утвержденных приказом Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 30 апреля 2015 года № 545 (далее – Правила) на станциях, где отсутствуют билетные кассы, допускается продажа проездных документов (билетов) проводниками в пригородных поездах, а также в общих вагонах пассажирских поездов.

В этой связи, на промежуточных станциях проводники общих вагонов данного поезда осуществляют обилечивание пассажиров с выдачей контрольного чека.

Касательно технического состояния пассажирских вагонов, курсирующих в составе поезда №307/308 сообщением Астана – Жезказган и принимаемых мер по обновлению парка вагонов.

В настоящее время составы поезда № 307/308 сообщением Астана – Жезказган сформированы из 14 пассажирских вагонов, в том числе 6 купейных, 4 плацкартных, 2 общих, а также 2 прицепных вагонов, курсирующих по сообщению Караганды – Каражал постройки 1990 годов.

В частности, все вагоны в составе данного поезда прошли плановые виды технического обслуживания и ремонта.

Также, в мае 2017 года согласно условиям Договора на долгосрочное субсидирование расходов перевозчика, связанных с осуществлением перевозок пассажиров по социально значимым сообщениям (далее – Договор), сотрудниками Министерства проведено обследование пассажирского поезда № 307/308 сообщением Астана – Жезказган на предмет соблюдения Правил и Национального стандарта по обслуживанию пассажиров в пассажирских поездах, по итогам которого, существенных нарушений не выявлено.

В тоже время, Министерством проводится ежемесячный мониторинг по исполнению договорных обязательств перевозчиками на основании предоставляемых отчетов, в ходе которого, нарушений также не выявлено.

При этом, учитывая Ваш запрос, в феврале 2018 года сотрудниками Комитета транспорта Министерства будет проведено обследование пассажирских поездов, в том числе поезда № 307/308 сообщением Астана – Жезказган, по итогам которого, в отношении перевозчиков будут применены соответствующие меры в рамках Договора.

Кроме того, в рамках Договоров перевозчикам, осуществляющих железнодорожные пассажирские перевозки по социально значимым межобластным сообщениям предусмотрены обязательства по обновлению парка пассажирских вагонов.

Так, учитывая капиталоемкость данных мероприятий (*стоимость одного пассажирского вагона достигает порядка 350 млн. тенге*), а также ограниченные средства государственного бюджета, обновление производится поэтапно с учетом равномерного охвата всех направлений.

В частности, 2017 году ТОО «Марал Нур» обновлено 3 купейных вагонов, курсирующих в составах вышеуказанного поезда, а также до конца 2018 года планируется обновить дополнительно 3 плацкартных вагонов.

Учитывая вышеизложенное сообщаем, что Министерством совместно с местными исполнительными органами принимаются все необходимые меры по обеспечению перевозок и созданию комфортных условий для пассажиров по направлению Астана – Жезказган – Астана.

**Министр
по инвестициям и развитию
Республики Казахстан**

Ж. Касымбек

*Е. Нестай, 983579
эл. адрес: y.nestay@mid.gov.kz*